

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

**05.09.2023 ж. № 06-05/126**

**Аудан мектептерінің  
білім қызметкерлерін  
аттестаттау туралы**

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 өзгерістерімен) сәйкес және аудандық аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы 29 тамыз күнгі шешімі негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ауданның білім беру ұйымдарының келесі педагогикалық қызметкерлеріне «педагог-модератор» біліктілік санаты тағайындалсын (расталсын), 2023 жылдың 01 қыркүйегінен бастап, «педагог-модератор» біліктілік санаттары үшін қосымша ақы белгіленсін. (1-қосымша)
2. Білім беру ұйымдарының келесі мектеп директорларына басшы-ұйымдастырушы біліктілік санаты және директорлардың орынбасарларына 3-деңгейлі біліктілік санаты тағайындалсын. (2-қосымша)
3. Біліктілік санаты педагогтің өтініші негізінде бір жылдан аспайтын мерзімге келесі педагогтардың санаттары ұзартылсын. (3-қосымша)
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау кадр жұмысы бойынша әдіскер Р.Т.Шаймерденоваға жүктелсін.

**Білім бөлімінің басшысы**



**А. Т. Ақшалова**